Білім беру процесінің жаңа бағытының негізгі ерекшелігі – оқыту нәтижесін алдын ала болжап, оқушылардың қызығушылықтары мен ізденушілігі негізінде білім, білік, дағдыларын жетілдіріп, оны ой-санасынан өткізіп, шығармашылық қабілетін үнемі дамытуға және ғылыми-зерттеу жұмыстарына ұмтылысын қалыптастыруға бағдар етеді.

Ғылым – бұл адамның іс-әрекеті нәтижесінде қоршаған орта, қоғам, табиғат және ойлаудың объективті заңдылықтарының үздіксіз дамуы туралы білім болып табылады. Фактілерді жинақтау, оны оқып үйрену, жүйеге келтіру, қорытынды жасау және олардың жеке заңдылықтарын ашу, белгісіз фактілерді жаңалық негізінде жетелейтін ғылыми білімнің логикалық жүйесін анықтау ғылымның диалектикалық дамуын көрсетеді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары басқалардан айтарлықтай ерекшеленеді. Онда ғылыми зерттеудің міндетті элементтері бар: мақсатты қою; міндеттерді тұжырымдау; нақты материалды жинау және өңдеу әдістерін таңдау; бақылаулар, тәжірибелер мен эксперименттер жүргізу; алынған материалды талдау және талқылау, соның нәтижесінде зерттеуші тапсырмада қойылған сұрақтарға жауап (қорытынды) алады.

С. А. Фамелистің пікірінше, оқушылардың зерттеу іс-әрекетінің оқу процесіндегі рөлі көп қырлы:

– танымдық – қойылған міндеттерді шешуге бағытталған ойлау процесін ынталандыру, бұл білімнің түрлі салаларынан, пәнаралық байланыстардан мәліметтерді тартуды талап етеді;

– дамытушылық – балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

– тәрбиелік – ұжымшылықты, қол жеткізудегі табандылықты, зерттеу нәтижелерін, өз пікірін қорғай білуді, көпшілік алдында сөз сөйлеу тәжірибесін дамыту;

– тәртіптілік – барлық әдістемелік тәсілдерді қатаң орындау қажеттілігі

Ғылыми-зерттеу қызметі өзінің құрылымы мен міндеттері бойынша оқушыларға ойлауды дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды, дұрыс «мен- концепциясын» қалыптастыруға ықпал етеді, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі іске асыру механизмін «іске қосуға» көмектеседі, танымдық қызметтің жоғары уәждемесін жасайды, құрдастары ортасында әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді.

Қазіргі мұғалімнің басты қызметі-оқыту үрдісін басқару. Бүгінгі таңда ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру ерекше маңызға ие болып отыр, өйткені ол өзін-өзі дамыту, өзін-өзі анықтау факторы болып табылады, жеке және кәсіби қалыптасуына елеулі әсер етеді. Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметі танымдық дағдыларды қалыптастыруға, білімді кеңейту және өзектілендіруге, зияткерлік және шығармашылық бастаманы дамытуға, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыруға, өз бетімен жүзеге асыруға және оқушылардың құрдастары мен педагогтарының алдында жеке мәртебесін арттыруға ықпал етеді. Білім алушылардың зерттеу қызметі – қазіргі ғылымның шығармашылық қабылдау жолы. Психологтар ғылыми-зерттеу қызметі күйзеліске төзімділікті арттырады, эмоциялық әл-ауқатқа ықпал етеді, коммуникативтік дағдыларды жақсартады, шығармашылық қабілеттерін ашады, жауапкершілік пен дербестік сезімін қалыптастырады, яғни әлеуметтік белсенді тұлғаның дамуына ықпал етеді. А. В. Волнистая мұғалімнің маңызды міндеттерінің бірі жоғары уәжделген оқушыларды анықтау және олардың шығармашылық әлеуетін іске асыруды қамтамасыз ету деп санайды, ал ол үшін мұғалім тек білім беріп қана қоймай, сонымен қатар олардың шекарасын көрсетіп, оқушының шешілуі зерттеуден тыс жатқан проблемалармен бет-бет кездестіруі қажет.

Л. В. Ляховтың айтуынша, ғылыми-зерттеу бастауларына оқыту үрдісі кезең-кезеңмен, жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың зерттеу мәдениетінің барлық компоненттерін мақсатты түрде қалыптастыру болып табылатынын ескеру өте маңызды:

– ойлау қабілеті мен дағдылары: бастыларын талдау және бөлу; салыстыру, жинақтау және жүйелеу; ұғымдарды анықтау және түсіндіру; нақтылау, дәлелдеу және теріске шығару; қарама-қайшылықтарды көре білу;

– кітаппен және басқа да ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдысы мен қабілеті;

– ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетімен байланысты дағды мен қабілеті.

Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту әр түрлі пәндерді, арнайы білімді меңгеру арқылы ғана емес, сонымен қатар өзіндік ойлау іс-әрекетін дамыту арқылы да жүзеге асырылады. Оқушылардың зерттеу жұмысының табыстылығы негізінен тапсырмалардың түрлері мен формаларын дұрыс жоспарлаумен, тапсырмалардың тиімді жүйесін пайдаланумен, сондай-ақ осы қызметтің мұғалімнің шебер басшылығымен қамтамасыз етіледі.

Ғылыми-зерттеу ұғымының мәнін ашу үшін оған тән белгілерді анықтауға болады:

1) ғылыми-зерттеу – бұл ізденушілік танымдық іс-әрекет процесі (зерттеу, анықтау, бірдеңе және т. б. анықтау);

2) ғылыми-зерттеу – әрқашан жаңа білім алуға бағытталған, яғни зерттеу әрқашан жаңа нәрселерді білу қажеттілігінен басталады;

3) ғылыми-зерттеу тапсырманы орындау кезінде оқушылардың дербестігін болжайды;

4) ғылыми-зерттеу оқытудың дидактикалық мақсаттарын іске асыруға бағытталуы тиіс.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін қалыптастыруға ықпал ететін факторларға келесілерді жатқызуға болады:

– жеке тұлғаға бағытталған оқыту тәсілі;

– нәтижеге өнімді қол жеткізуге бағдарлау;

– проблемалық оқыту шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін дамыту құралы ретінде;

– есептерді шешудің логикалық және эвристикалық әдістерінің оңтайлы үйлесімі;

– оқу үдерісін креативті ұйымдастыру, оны шығармашылық жағдайлармен барынша толықтыру;

– бірлескен іздеу қызметінің жағдайын құру;

– оқу үдерісін нақтылау;

– психологиялық атмосфера, шығармашылық қызмет үшін оңтайлы жағдай жасау. Оқушылардың оқу-зерттеу қызметін белсендіруге ықпал ететін жағдайлар:

– ұжымдағы ынтымақтастық атмосферасы;

– жеке және ұжымдық оқыту формаларын үйлестіру;

– оқу жұмысының танымдық қиындықтарының өсуі принципі бойынша оқу материалын құрылымдау;

– оқушылардың танымдық іс-әрекетінің тиімді тәсілдерімен қарулануы;

– оқуға, өздігінен білім алуға ішкі ынталандыруды қалыптастыру және т.б.

Қазіргі биология-қарқынды, тез дамып келе жатқан ғылым. Биологияда күн сайын әртүрлі жаңалықтар ашылууда. Бұрын алынған білім жаңамен толықтырылып отырады. Бұл тек жеке құбылыстарға ғана емес, тұтас тұжырымдамалық тәсілдерге де қатысты. Білімнің жылдам өсуі және әлі ашық емес құбылыстар, технологиялардың жылдам ауысуы білім беруді бүгінгі күні әлі қол жеткізілмеген ғылым мен техниканың деңгейіне бағдарлауды талап етеді.

Биологияны оқыту бойынша зерттеу қызметін ұйымдастыру оқушылардың пәндік іскерліктерін дамытуды талап етеді: құрастыру және модельдеу; бақылау және өзін-өзі бақылау жүргізу және т.б.

Зерттеу іскерліктері күрделі және жалпыланған болып табылады және саналы, интеллектуалдық, мақсатты, өтімділік, жоспарлылық, прогрессивтілік, практикалық іс-әрекет, ақыл-ой және практикалық іс-әрекеттерді біріктіру, сондай-ақ мақсатқа жету тәсілдерінің вариативтілігі сипатталады.

Биология пәнінен «Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру» сынды тақырыпта бойынша модельдеу оқушылардың ғылыми-зерттеу іскерлігіне қызығушылықтарын арттыратыны сөзсіз. Осындай зерттеу жұмыстарының нәтижесінде біріншіден, оқушылардың логикалық ойлау қабілеттері жетіліп, өз беттерінше жұмыс істей алу дағдысы қалыптасады. Сондай-ақ әр оқушының сана сана сезімі, ішкі түйсігі дамыған сайын, оның ата-тегіне деген қызығушылығы артта түседі. STEM білім беру тәсілі бойынша тарих пәнімен пәнаралық байланыс негізінде өткізу өзімізге белгілі қазақ халқының өмірінде тәрбиелік мәні жағынан да, қандастық жағынан да үлкен орын алатын дәстүрі – жеті атасын білудің маңызы зор екенін түсінеді. Осы арқылы оқушыларды ғылымға қызықтырып қана қоймай, өз тарихын білетін, саналы ұрпақ тәрбиелеуге

өз үлесімізді қосарымыз анық. Пәнаралық байланыс арқылы өтетін мұндай сабақтар тек қана ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызықтырып қана қоймай оқушыларды білімді терең меңгеруге, табиғат пен қоршаған ортаның өзара байланысын ұғынуға үйрететініне, оқушылардың ғылыми білімін жоғарлататынына көз жеткізуге болады.

Оқушылардың зерттеу, шығармашылық дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру кезінде эссе жазу тәсілін қолдануға болады. Эссе - проблеманы, тақырыптарды еркін түсіндіру, өз ойын дұрыс жеткізу. (Мишель Монтель). Эссе жазу арқылы оқушылардың ойлау, сөздерді дұрыс қолдану, әдебиеттермен жұмыс жасау сияқты білімдері қалыптасады.

Мұғалім ғылым интерпретаторы және жаңа ақпарат тасымалдаушы рөлінде ғана емес, оқушылардың білім алу, білік пен дағдысын қалыптастыру және ақыл-ой іс-әрекетінің тәсілдерін меңгеру бойынша жүйелі дербес іздеу қызметін шебер ұйымдастырушы ретінде әрекет етуі тиіс.

Сонымен қатар, ғылыми-зерттеулер шындыққа деген танымдық көзқарасқа қол жеткізуге көмектеседі, өйткені олар ой-өрісінің кеңдігін қалыптастырады және танымдық қызығушылықтың ынталандыруы болып табылады, осылайша тәрбиелеу қызметін орындай отырып, ғылыми дүниетанымды тәрбиелеуге ықпал етеді.

Осылайша, ғылыми-зерттеу жұмысына қатыса отырып, оқушылар зерттеу пәнін терең білуімен қатар ғылыми-зерттеу қызметіне деген қызығушылығын көрсетеді. Оқушылармен ғылыми-зерттеу жұмысы- бұл үлкен және тынымсыз бірлескен шығармашылық еңбек, оның негізгі мақсаты-өзіндік ғылыми-зерттеу жұмысының қарапайым дағдыларына ие шығармашылық тұлғаны қалыптастыру, оқушылардың ғылыми-зерттеу іскерліктері мен даму деңгейін қамтамасыз ету.

Мұғалімнің оқушыны бала кезінен бастап зерттеуге қызықтыруы, оның дербес жолмен алынған білімін кейінгі оқыту мен болашақта кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтау үшін берік іргетасқа айналдыруына көмектеседі. Зерттеуді жаңа білімді әзірлеу процесі ретінде қарастыра отырып, танымдық іс-әрекеттің бір түрі ретінде адам бұл жағдайда дербестік пен шығармашылықтың ең жоғары деңгейін көрсететінін атап өту қажет. А. Дистервег былай деп жазады: «Даму және білім беру бірде-бір адамға берілмейді немесе хабарлана алмайды. Оларға қол жеткізгісі келетін кез келген адам осы қызметке, өз күштерімен, өз кернеуімен қол жеткізуі тиіс».

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Волнистая, А.В. Научно-исследовательская деятельность учащихся: опыт, поиск, результаты // Биология: проблемы выкладки. -2012. -№5. -С. 61-67.
- 2 Ляхова Л.В. Организация научно-исследовательской деятельности учащихся // Начальная школа. -2009. -№7. -С. 68-71.
- 3 Арцев М.Н. Учебно-исследовательская работа учащихся: методические рекомендации для педагогов и учащихся //Завуч для администрации школ.-2005. - №6.
- 4 Богатырева, А.Э. Организация исследовательской работы учащихся// Адукация і ыхаванне. -2011. -№5. -С. 31-37
- 5 Андреева, Н.Д. Исследовательская работа учащихся при обучении биологии и экологии // Биология в школе. - 2012. - №2. - С. 34-38.
- 6 Анатолий ГИН. Приемы педагогической техники:посobie для учителя.3-е издание,Москва 2001
- 7 Ляхова Л.В. Организация научно-исследовательской деятельности учащихся // Начальная школа. -2009. -№7. -С. 68-7
- 8 Арцев М.Н. Учебно-исследовательская работа учащихся: методические рекомендации для педагогов и учащихся //Завуч для администрации школ.-2005. - №6.
- 9 Богатырева, А.Э. Организация исследовательской работы учащихся// Адукация і ыхаванне. -2011. -№5. -С. 31-37
- 10 Андреева, Н.Д. Исследовательская работа учащихся при обучении биологии и экологии // Биология в школе. - 2012. - №2. - С. 34-38.

КӘСІБИ ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚАЙЫРБЕК Е. Қ., КОНКИЕВ Е. М., АҒЗАМОВ Б. Е.
магистранттар, 7М01401 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы,
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.

Экономиканың жаһандануымен және экономика және еңбекке жұмылдырудың өсуімен, педагогтың қызметінде жаңа функциялардың пайда болуымен, педагогикалық технологиялардың дамуымен, білім беру мазмұнын жаңарту жылдамдығының артуымен туындаған білім беруді жаңғырту кәсіби дайындық жүйесіндегі құрылымдық және мағыналық өзгерістердің негізгі

тармағы ретінде болады. Бұл педагогикалық еңбекке және оқытушының жеке қасиеттеріне қойылатын талаптардың өзгеруімен сипатталады [1, 78].

Толықтай алғанда бұл жаттықтырушы-оқытушының да кәсіби қызметіне қатысы бар.

Жаттықтырушы – оқытушының кәсіби қызметі тәрбиеленушінің тұлғасына жоғары әсер ету жағдайларын және тәрбиеленушілерінің физикалық және психологиялық, сонымен қатар жоғары күйзелгіштік жағдайларына жауапкершілігін сипаттайтын кәсіби-педагогикалық қызметтің айырықша түрін білдіреді. Жаттықтырушы-оқытушы өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде біртіндеп өзіне түрлі рөлдерді алады: алдымен қамқоршы рөлін (тәрбиелеу үдерісінде ата-анасының орынын басу); әрі қарай – тәлімгер рөлі (мінез-құлық және қызмет эталоны ретінде); кейіннен – жетекшінің рөлі (спортшының әрі қарай дамуын бағдарлау) [2, 241].

Қосымша білім беру жүйесі жағдайында жаттықтырушы-оқытушының кәсіби қызметіне оқушылардың әлеуметтік-психологиялық дайындығы деңгейі мен жас ерекшеліктерін есепке алу қажеттілігімен байланысты талаптар қосылады. Қосымша білім берудің ерекшелігі мұнда балалардың өзінің бейімділігі мен болжамдарына сүйене отырып, оны алу қажеттілігін анықтауы, және баланың спортқа бекітілуі болып табылады және оның қызметінің табыстылығына көптеген факторлар әсер етеді: қызметтің осы түрін іске асыруға табиғи қасиеттерінің болуы, білім беру ортасында болу қолайлылығы, тұлғаны дамыту мен оның мүмкіндіктерін көрсетуде өз келешегін көруі. Бұл жағдайларда жаттықтырушы-оқытушының рөлі баланы ұжымға бейімдеу және бекіту, және өзін дамыту мен өсуінде табыстарға қол жеткізу үшін анықтаушы болады.

Қосымша білім беру жүйесінде жаттықтырушы-оқытушының тұлғасына және оның қызметінің мазмұнына қойылатын қазіргі заманғы талаптарды қарастыра отырып, орындау қазіргі заман жағдайында оның барынша жоғары тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қызметтердің келесідей өзекті топтарын бөліп алуға болады:

Сарапшы-кеңес беру қызметі: жаттықтырушы-оқытушы спортшылар алдында маман, оқытушы ретінде болады, негізгі ақпарат көзі болып табылады. Осыған байланысты ол бірқатар арнайы мәселелер бойынша (оқу-жаттықтыру үдерісінің әдістері, жарыс жекпе-жектерін жүргізу тактикасы, спорттық жабдықтар

мен инвентарлардың жағдайы және т.б.) аса кең білім диапазонына және дамыған эрудицияға ие болуы тиіс.

Жобалық: жаттықтырушы-оқытушы ағымдағы және келешек жоспарларды жүзеге асыра алуы, оқушылардың жақын және алыс келешектерін көре білуін қалыптастыру біліктіліктерінің болуы, олардың қызметке шын тәнімен берілулерін көтере білулері тиіс.

Әкімшілік: жаттықтырушы-оқытушы қазіргі заман жағдайында жарыстар өткізуге арналған орын-жайларды жалға алу мәселесін шешетін әкімгер, жиындардың ұйымдастырушысы, оқушылардың жағдайына дәрігерлік және психофизиологиялық бақылауды ұйымдастыру мәселелеріне басшылық жасайтын басшы болып табылады.

Өкілеттілік: қазіргі заман жағдайында жаттықтырушы-оқытушы өз командасы үшін жетекші өкіл ғана емес, сонымен бірге команданың, сонымен бірге жекелеген спортшылардың түрлі инстанциялар (спорттық комитеттер, спорт клубтары және т.б.) алдындағы өкілі, ілесушісі және қоғалысын жүзеге асырушы тұлға болып табылады.

Тәрбиелік: бұл қызметтер тобы оқушыларға мақсатқа лайықты ықпал етуді, олардың бойына дұрыс мінез-құлық үлгілерін бекітуді, мәдениет пен әдептілікті қалыптастыруды қарастырады. Қызметтің ерекшелігіне қарай бұл қызметтердің көрінуі стихиялық сипатта болады және оқушылардың өз көшбасшыларына елігуі арқылы көрінеді. Балалар, әсіресе жасөспірім және бозбала кездерінде жаттықтырушымен бірдей болуға ұмтылады және оның ұстанымдарын, құндылықтарын, қарым-қатынасы мен мінез-құлық ерекшеліктерін қабылдауға дайын болады. Осыған байланысты жаттықтырушы-педагог тұлғасының әлеуметтік оң қасиеттерінің болуы тек қалаулы ғана емес, сонымен бірге оның кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыру үшін қажетті шарт болып табылады [3].

Осыған орай, білім беруді жаңғырту жағдайында жаттықтырушы-оқытушының қызмет аясы кеңейеді, жаттықтырушы-оқытушының тұлғалық және кәсіби қасиеттеріне қойылатын талаптар тым қатаңданады, мұнда оқушылармен өзара әрекеттестікті барынша тиімді пайдалануға, оқу-жаттығу үдерісін жүзеге асыруға және жоғары деңгейде спорттық дайындығын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық дайындығының болуы үлкен рөл атқарады деген қорытынды жасауға болады.

Жаттығу үрдісі күрделі және сан қырлы жүйені құрайды. Бұл жүйені сауатты басқара білу үлкен рөл атқарады, мұнда жетекші орын жаттықтырушы-педагогқа беріледі [4].

Оқу-жаттығу процессін ақпаратсыз басқару мүмкін емес. Кез келген басқарудың мәні ақпаратты алу, сақтау, алмасу және пайдалану процессі болып табылады. Осыдан келіп, жаттықтырушыға қажетті қабілеттердің бірі ақпараттарға жүгіне білу, оған талдау жасау және жаттықтыру үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру міндеттерінің оңтайлы шешімдерін қабылдау үшін оны дұрыс пайдалана білу біліктілігі болып табылады.

Соңғы он жылдықта жаттықтырушының қызметінің ақпараттылығын қамтамасыз ететін техникалық мүмкіндіктер мен басқа да түрлері бірнеше есеге өсті. Қазіргі уақытта техникалық және әдістемелік мүмкіндіктер жаттықтырушыға спортшының физиологиялық және биохимиялық ерекшеліктерінен бастап спорт жабдықтарының эргономикалық көрсеткіштеріне дейінгі бірнеше ондаған көрсеткіштер туралы бір мезетте ақпарат беруге мүмкіндік береді [5].

Жаттықтырушының біліктілігі осы көрсеткіштердің ішінен негізгін бөліп ала білуі, оларды топтастыру және осы көрсеткіштер негізінде спортшыны дайындау және оның біліктілігін болжау барысында дұрыс шешім қабылдауда.

Алайда, практика көптеген жаттықтырушылардың өз қызметі барысында ескі әдістерді қолданғанды дұрыс санайтындықтарын көрсетті, себебі олар үлкен көлемдегі ақпараттар ағынынан қорқады. Жаттықтырушылар көбінесе ақпараттың 95 пайызын бірден лақтырып тастайды. Алайда ақпараттарды сүзбелеу қажет, бірақ өңделмеген, талдау жасалмаған ақпараттарды лақтыруға болмайды. Жаттықтырушының жаттықтыру жоспарына тұрақты өзгерістер енгізбей, өзіне белгілі бір-екі көрсеткіштерге сүйене отырып, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылысы қаламаған салдарларға: жарыстарда сәтсіз өнер көрсетуден бастап спортшының қатардан шығып қалуына дейін алып келеді [6, 96].

Осыған байланысты тек жаттықтырушы-педагогтың зияткерлік дайындығына ғана емес, сонымен бірге оның ақпараттық-аналитикалық құзыреттілігі деңгейіне де талап жоғарылайды.

Жаттықтырушының ақпараттық-аналитикалық қабілеттілігі спорттың барлық түрінде де ең басты рөл атқарады, себебі көп жағдайда жаттықтыру процессінің тиімділігі дұрыс шешім қабылдауға байланысты болады. Осының барлығына жаттықтырушыны оқыту,

яғни жаттықтырушы қызметінің ақпараттық-аналитикалық құзыретін жетілдіру қажет.

Бүгінгі таңда, талдаулар көрсетіп отырғандай, осы проблема бойынша жұмыстар саны аз, олар жалпы жаттықтырушы қызметін жеткілікті және қажетті ақпараттық сүйемелдеу проблемасын шешпейді, тек тақырыпты қозғап қана қояды. Білім беру үдерісінде, оқу бағдарламаларында жаттықтырушыларды бүгінде өзі сүйене алатын үлкен көлемдегі ақпараттарды пайдалану біліктіліктеріне оқыту міндетінің болмауы ақпараттық-аналитикалық сүйемелдеу жаттықтырушы қызметінің тым қалыс қалған бөлігі болып табылатындығын көрсетеді.

Спорттың аса танымал түрлерінің бірі күрес болып табылады. Күресте балуандарды дайындау проблемасына көптеген зерттеулер арналды. Сонымен қатар, мамандар жаттықтыру үдерісінің жасақталған жоспары көбінесе жоспарланған тиімділікте жұмыс жасамайтындығын көрсетіп отыр [7].

Көп жағдайда жаттықтырушының жаңа бастап келе жатқан спортшының физикалық және басқа да мүмкіндіктерін уақытында тану және объективті бағалауына байланысты қабілеттілігі оның жас спортшылармен, көбінесе балалар-жасөспірімдер мектептерінде жұмыс жасауы кезеңінде қалыптасатындығын ескере отырып, дәл осы балалар мен жасөспірімдер мектептерінің жаттықтырушыларына жоғары талап қоюды болжайды.

Елімізде балалар мен жасөспірімдер спорттың дамытудың жалпы бағыттарына жауап беретін мамандар ұзақ уақыт бойына балалар жаттықтырушылары еңбегінің тиімділігін бағалау негізін алу мақсатқа лайықты болатын жаңа критериялар іздеумен болды. Нұсқамалық құжаттармен әрекетке енгізілген мұндай бағалау негізіне жалпы алғанда тәлімгерлерді жас спортшылармен көптеген жылдар бойына жүргізген сабақтарының аса оңтайлы жүйесін құруға бағдарлайтын кейбір критериялар алынды. Жекелей алғанда келесідей позицияларды бөліп алуға болады:

- жаттықтырушы жинап алған және кейінгі жылдарға өткен спортпен айналысушылардың санын сақтау және дайындық кезендері;

- кезінде осы жаттықтырушыда үш-төрт жыл бойына дайындалған жоғары білікті спортшылардың саны (спорт шеберлері, Ресей, Еуропа, әлем және т.б. чемпиондары);

- жоғары деңгейлі спорттық мектептерге берілген спортшылар саны (мысалы, олимпиада резервтерін даярлау колледжі);

- спортшылардың құрама командаларға кіруі және ірі жарыстарда табысты өнер көрсетулері.

Спорттық нәтиже негізгі бағаланатын көрсеткіштер санынан жас спортшылармен көп жылғы еңбектің бастапқы кезеңіне шығарылуы маңызды [8].

Жаттықтырушы – бұл спорттық жаттығулардың объективті мазмұнындағы рөлі, қызмет, лауазым, жұмыс орыны. Оқу-жаттығу үдерісіне қатыса отырып, жаттықтырушы сәйкес келуі тиіс стандартты әрекеттердің белгілі бір жиынтығы, объективті лауазымдық сипаттамасы, өкілеттілігі, осының барлығы оның құзыреттілігі жиынтығы болады [9].

Жаттықтырушының құзыреттілігі жиынтығын анықтау үшін алдымен нормативтік құжаттарға көңіл аударамыз.

Бұл талаптардың әрбір тармағы көпшілік және таңдаулы спорт саласында жаттығу үдерісін тиімді басқарудың негізі болған заманауи компьютерлік және телекоммуникациялық техникаларды пайдалануды қарастырады.

Бұл жаттықтырушының спорттық құзыреттілігі жиынтығы ақпараттық құзыреттіліктен асып түсетіндігін дәлелдейді. Бұдан өзге, жаттықтырушының аталған лауазымдық міндеттері аналитикалық қызметке қабілеттілігін қарастырады. Сондықтан жаңа – жаттықтырушының ақпараттық-аналитикалық құзыреттілігі ұғымын енгізу мақсатқа лайықты.

Ю. В. Сорокопуд қазіргі уақытта жаттықтырушылардың түрлі ақпарат көздерінен алынған ақпараттарды табу және өзінің болашақ мамандығында пайдалану, сонымен қатар заманауи инновациялық технологияларды іске асыра отырып, компьютерлік, үн, бейне техникаларды қолдана білу қабілеттіліктері ретінде ұғынылатын медиа-құзыреттілікке ие болуы тиістігін көрсетеді.

Ю. А. Фомин өз зерттеулерінде заманауи спорттың объективті жаһандық үдерістермен байланысына талдау жасайды. Заманауи спорттың дамуы бірінші кезекте біртұтас әлемдік ақпараттар жүйесінің құрылуымен тығыз байланысты. Соңғы он жыл ішінде ақпараттық үдерістер жаттықтырушы қызметінің зияткерлік және инновациялық компоненттерінің тез өсуін объективті түрде талап етеді.

Қазіргі заманғы ғалымдардың дене шынықтыру және спорт саласындағы кәсіби құзыреттілікке қатысты зерттеу нәтижелеріне талдау жасау табысты дене шынықтыру-спорт қызметінің жаттықтырушының ақпараттық құзыреттілігі мен аналитикалық

қабілеттіліктерімен тығыз байланыстылығын көрсетті. Тиісінше, заманауи жаттықтырушының қызметі арнайы заманауи аппараттар мен бағдарламалық құралдардың көмегімен жүзеге асырылатын ақпараттарды жинау, іздеу, жинақтау, сақтау, өңдеу, беру және пайдалану білімдері мен біліктерінің, яғни ақпараттық-аналитикалық құзыреттіліктің белгілі бір деңгейін меңгермей мүмкін болмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Прохорова М.П. Направления инновационного развития педагогического образования // Наука, техника и образование. 2015. № 9 (15). - С. 78-80.

2 Седых Е.П. Проектирование рефлексивной деятельности обучающихся в условиях сетевого обучения. // Современные проблемы науки и образования. 2015. № 4. - С. 241.

3 Ильин Е.П. Психофизиология физического воспитания: учебное пособие. - М.: Физкультура и спорт, 1983. – 223с.

4 Верхошанский, Ю.В. Программирование и организация тренировочного процесса /- М.: Физкультура и спорт, 1985. - 176 с.

5 Хасина Л.А. Информационные технологии и технические средства обучения и тренировки в сфере физической культуры и спорта / Всероссийская научная конференция-ярмарка: материалы / - Малаховка: НИИТ МГАФК, 2004. - 210 с.

6 Подливаев, Б. А. Деятельность тренера как важнейший компонент системы подготовки спортсменов. // Детский тренер. - 2006. - №4. - С. 96-102.

7 Фискалов, В.Д. Спорт и система подготовки спортсменов: учебник / В.Д. Фискалов. - М.: Советский спорт, 2010. - 392 с.

8 Теория и методика физической культуры: учебник / Под общ. ред. Ю.Ф. Курамшина. - 2-е изд., испр. - М.: Советский спорт, 2004. - 464 с.

9 Корх, А.Я. Тренер: деятельность и личность: учебное пособие / А.Я. Корх. - М.: Терра-Спорт, 2000. - 120 с.

ЕЛІМІЗДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫМ

ҚЫДЫРОВА А. А.

студент, Логистика және көлік академиясы, Алматы қ.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуда әлеуметтік-экономикалық және технологиялық қайта өрлеу кезеңі жүріп жатыр. Заманауи білім беру жүйесін дамытудың негізі пәндік саладағы мақсаты кәсіби құзыреттілікпен қатар интеграцияланған білім, дағды және тәжірибе жиынтығымен, сонымен қатар ақпараттық технологиялар саласындағы құзыреттілікпен сипатталатын кәсіби мамандарды даярлау болып табылады. Яғни, бұл мамандарға: бағдарламалау, жобалау, шешім қабылдау және шығармашылық жұмысты жоспарлау секілді заманауи, жаңа функционалдық талаптар қойылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев жыл сайынғы Жолдауында білім саласына ерекше басымдылық беріп, жастардың білім-біліктілігін жетілдіру үшін барлық салада жан-жақты жағдай жасау жайлы «Қазақстан-2050» стратегиясында мынандай оймен тұжырымдаған: «Еліміздің жастары оқу-білімге, жаңа ғылым-білімді жылдам игеруге, жаңа мағлұмат алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін еліміздің ертеңі болатын, ел үмітін ақтар жастарымызға барлық мүмкіндіктерді жасап, кәсіптік білімді дамытудың маңыздылығын айқындай келе, білім саласына қатаң тапсырма жүктеп, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» [3, с. 1].

«Қазақстан-2050» ұлттық стратегиясында белгіленген басымдықтар: техникалық салаларды дамыту және әлемдік аренадағы білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындауды көздейді. Бұл әлеуетті іске асыру жолында техникалық және жаратылыстану мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарын бітірген кәсіби кадрлардың сапасына аса көңіл бөлуіміз қажет [<https://www.akorda.kz/kz/>]. Мен бұл тұжырымдамамен толықтай келісемін, себебі, Елбасы атап өткендей, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өз ісін жоғары деңгейде атқаратын, әлемдік деңгейде болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілеті жоғары, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық кәсіби маман даярлау арқылы, біз елімізде қай салада болмасын

жетістіктерге жететініміз сөзсіз. Соңғы кезеңдегі сараптамаға сүйенсек, ел колледжерінің кітапхана қорында 1991 жылдан бері жаңартылмаған оқулықтар басым. Бұл сапалы маман даярауда айтарлықтай кедергі келтіреді. Сондықтан, басты кезекте кітапханаларды заманауи оқулықтармен қамту көзделген [1, с.147-148]. Қазіргі аса қарқынды сан-алуан өзгерістерге толы әлеуметтік-экономикалық жағдайда білім беру жүйесінде педагогке қойылатын талап та дербес екендігі түсінікті деген пікірдемін. Бұл келесі фактілерге байланысты:

- оқытудың әр алуан түрлері мен әдістерін қолдану;
- топтық жұмыс дағдыларын одан әрі дамыту;
- әрекеттерге машықтану, нақты ситуацияларды талдау;
- оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу.

Менің ойымша педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Себебі, ең алдымен біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет, XXI ғасырда білім беру ісін жоғары дәрежеде дамыта білмеген мемлекет құрдымға кетері хақ. Сондықтан, біз болашақта жоғары технологиялық және білікті өнеркәсіп мамандарының шоғырын қалыптастыруымыз қажет. «Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман», - деп Елбасымыз атап көрсеткендей, бүгінгі күні егеменді еліміздің дамыған отыз елдің қатарынан көріну үшін жастарымыз білімді және бәсекеге қабілетті болуы керек. Бастысы, XXI ғасырдағы жаһандану тенденцияларының негізгі қозғаушы күші XIX ғасырдың ортасынан бергі өнеркәсіптік революцияға қарағанда әлемді жаңа бағытқа өзгертуге қабілетті, заманауи технологиялардың қарқынды дамуы екенін түсінуіміз қажет.

Қазақстан Президентінің Жолдауында қазіргі заманғы, басты өнеркәсіптік революция жағдайында елімізді дамытудың негізгі мақсаттарының алдыңғы қатарында еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған ақпараттық-технологиялық жобалар, цифрлық технологияларды қолдану арқылы еліміздің әрбір азаматының өмір сүру сапасын жақсартуға негіздейтін маңызды бағдарламалар, IT сферасын дамыту жобалары көзделеді. Цифрлық экономикада негізгі мақсат – барлық секторлардағы өнімділікті арттыру. «Заманауи әлемде бәсекеге қабілеттіліктің негізгі факторларының бірітерен цифрландыру болып табылады. Қазіргі заманғы цифрлық технологиялар еліміз үшін жаңа бағыт, жаңа ортаны қалыптастыратын күш. Сондықтан, Қазақстан үшін маңызы

жоғары. Сонымен қатар, заманауи ІТ секторын дамыту және нығайту ел экономикасы мен болашағы үшін маңызды», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде. Менің пайымдауымша, ресурстық әлеуеттің өнімділігін арттыру қажеттілігі қазақстандық институттардың алдына жаңадан ашылған білім мен инновацияларды стратегиялық басқаратын орталыққа айналуы қажет, белгілі кәсіби ресурстармен жетекші салаларда қарқынды өсуге кепілдік беру, елімізді дамытудың жаңа сапалық деңгейіне шығаруға қабілетті жаңа, рухани және зияткерлік элитаны тәрбиелеу міндеттері қойылуы қажет деген ойдамын.

Қазіргі кезеңде адам өміріне «білім» түсінігі елеулі әсер етеді. Осы заманғы білім беру жүйесі дамыған және мақсатты түрде реформаланып жатқан Қазақстанда үлкен өзгерістер орын алуда. Жеке оқу орындары ашылды, жаңа үлгідегі оқу орындары күшейді, лицейлер, гимназиялар, колледждер пайда болды. Білім беру жүйесі бірегей қоғамның дамуына, оның ішінде саяси және әлеуметтік-мәдени процестерге жанама, алыс, бірақ қуатты, мақсатты әсер етуге қабілетті екені белгілі. Жоғары білім беру саласына келетін болсақ, бұл ұғым адами капиталдың сапасын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Сондықтан адами капиталдың сапасын арттыру жоғары білім беру жүйесін жетілдіру және жаңғырту арқылы жүзеге асырылуы тиіс [<https://articlekz.com/kk/article/31914>].

Отандық жоғары білім Қазақстан Республикасы экономикасының барлық салалары үшін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Ғылым мен білім еліміздің даму деңгейі мен болашағын айқындайтын ұлттық қазына ретінде қарастырылуы тиіс және бұл бағыттағы мемлекеттік қолдау стратегиялық міндет болып табылады. Жоғары білімді дамыту және жалпы ел экономикасына тиімді әсер ету үшін Қазақстанға шетелдік студенттердің, оқытушылардың, ғылыми қызметкерлердің келуін одан әрі ынталандыру қажет деген ойдамын. Бұл технологиялар классикалық білім беруді толығымен алмастыра алмайтынына қарамастан, қазірдің өзінде бұл білім беру форматы сапалы білім алудың көптеген жаңа жолдары мен мүмкіндіктерін ашты. «Білім – өзіндік құрылымы бар әлеуметтік ішкі жүйе» [2, с. 38]). Бірқатар салаларда соңғы онжылдықта Қазақстанның білім беру жүйесінде прогрессивті құрылымдық және функционалдық өзгерістер орын алды. Тәуелсіздік жылдарында қазақстандық білім беру жүйесі жеделдетілген жаңғырту стратегиясының табыстылығына

бағдарланды, бұл – заманауи білім беру, кадрларды даярлау және қайта жаңарту. «Қазақстан-2050» республиканың ұзақ мерзімді даму стратегиясында білім беру ең маңызды басымдықтардың бірі ретінде жіктеледі, оны жүзеге асыру жаңа мыңжылдыққа одан әрі даму әлеуеті бар мемлекет ретінде кіруге берік негіз жасайды.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылай келе, біз барлық жүйелердің бірдей принципі бар екенін, белгілі кезеңдерге, алдымен жасына, содан кейін оқу бағытына қарай бөлінетінін көреміз. Барлық жерде жоғары және кәсіптік білім алуға мүмкіндік бар, сондай-ақ барлық жерде мектепке дейінгі және жалпыға міндетті білім беру жүйесі бар. Бірақ көрінетін ұқсастыққа қарамастан, әр елдің оқу орнына түсуге де, ондағы қосымша білімге де байланысты. Қазіргі таңда Қазақстанды дүниежүзілік қоғамдастық нарықтық экономикасы қалыптасқан мемлекет ретінде таныды. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң қысқа тарихи кезеңде Қазақстан жаңа прогрессивті технологияларды пайдалана отырып, әлемдік өркениетке кірігіп, экономикада елеулі серпіліс жасады. Менің ойымша, бір кездері тек информатиканы меңгергендерге қажет болатын цифрлық дағдылар қазіргі кезде еліміздің сан қилы саласында: гуманитарлық, мұнай, экономикалық, яғни кез келген басқа салада қажет. Ел экономикасының ғылыми-техникалық жаңғыртылуының ішінде еңбек нарығына жан-жақты құзыреттер жиынтығы, функционалдық нақты ұстанымы, тұлғааралық дағдылары мен жүйелі ойлау қабілеті бар кадрлар қажет. Сондықтан, жоғары оқу орындарында студенттерді ғылымның соңғы жетістіктерінің негізінде оқытып, өндіріс процесінен өтсек, әрбір күрделі мәселені шеше алатын жоғары білікті мамандар шығады. Бұл еліміздің бәсекеге қабілеттілігіне кепілдік беретіні сөзсіз. Елбасы Жолдауы сандық технологиялар мен ІТ-индустрияны қарқынды қалыптастыруға, сол арқылы Қазақстан Республикасының негізгі индустриялық университеттерінде оқитын жастардың инновациялық ойларына жіті назар аударып, мемлекет экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бастама болатынына сенім білдіремін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Н.«Қазақстан 2050» Стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Казахстанская правда. 14 желтоқсан, 2012ж.

2 Ақанбаева С.Қ. //Қазақстандағы білім берудің мәселелері мен болашағы // Эксперименттік білім берудің халықаралық журналы. - 2014. – № 3-2. С. 147-148;

3 Святлов С.А. //Отандық бизнес-білім берудің қазіргі жағдайы: мәселелері мен даму болашағы // «Заманауи білім» журналы.- № 1 (93). С. 25-34.

4 Сабитова Л.У.А. Білім берудегі мемлекетаралық ынтымақтастықты реттеудің кейбір ерекшеліктері туралы. Оларға ҚазҰПУ хабаршысы. Абай, «Халықаралық істер және саясат» сериясы, №3 (38), 2014 ж.

5 Исабеков Б.Н. «Ғылым мен білімнің дамуының индустриалды-инновациялық негіздері» – Түркістан: «Тұран» баспасы, 2009. – 27-40 б.

6 Жұмағұлов Б.Т.Қазақстандағы жоғары білімнің дамуы: шындықтар мен перспективалар // Федералдық анықтамалық. Ресейдегі білім. - №8. - 2013., С. 291-294.

ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ПРОЦЕССА РЕАБИЛИТАЦИИ БОЛЬНЫХ С ОНМК

ЛАДЗИНА Н. А., ЖЕНЫСКАНОВА А. Б.
магистры, Факультет педагогики, психологии и культуры, Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск

Проблема психологического сопровождения пациента в период болезни, часто приводящей к инвалидности, социальная несовместимость многогранна, необходимы современные исследования и разработки. В неврологическое отделение ОНМК (острое нарушение мозгового кровообращения) госпитализируются как пожилые, так и молодые пациенты трудоспособного возраста (от 25 лет до 45), им необходима не только медикаментозная терапия, но и психологическая помощь, как указано в данной статье. Мы разработали программу нейропсихологической реабилитации и программу психологической коррекции, ориентированную на личность, с учетом факторов психического сопровождения при ишемическом инсульте. Благодаря проделанной работе были определены основные направления процесса психологического сопровождения пациентов с ОНМК на основе когнитивно-поведенческого подхода к процессу реабилитации и повышению эффективности нейрообработки в целом.

Программа психологического сопровождения пациентов с ОНМК должна быть системной и комплексной, направленной на формирование адаптивных стратегий выживания и социально-психологической адаптации в случае болезни, на преодоление эмоциональных и волевых расстройств, факторов, вызывающих заболевание, инвалидности и социальных лишений. Систематический и целостный подход к личности пациента, перенесшего инсульт, может повысить эффективность лечения и реабилитации.

В настоящее время наблюдается рост числа сосудистых заболеваний, в том числе сосудистых заболеваний головного мозга, не только в Казахстане (частота инсульта остается одной из самых высоких - 3,4 на 1000 человек в год), но и во всем мире. Около 40 % инсультов связаны с нарушениями высших психических функций (ВПФ) (в том числе речи), которые, как правило, связаны с двигательными нарушениями в конечностях, что в большинстве случаев приводит к инвалидности [1; 2; 5].

Анализируя значительные социально-экономические изменения, произошедшие в Казахстане за истекший период, мы видим, что сохранение и развитие профилактического направления отечественной медицины не только не потеряли своей актуальности, но и приобрели еще большее значение. Это потребовало разработки новых организационных превентивных мер [4].

По мнению В. Н. Григорьева и Н. Г. Ермакова, реабилитация пациентов, перенесших инсульт, с целью восстановления нарушенных функций, социальных контактов, профессиональных навыков, возвращения пациента в общество и к работе, которую он может выполнять, становится медицинской и социальной проблемой [3;5].

Значительная часть пациентов, перенесших ОНМК, устранение ишемической болезни сердца, объективное улучшение гемодинамики и повышение толерантности к физической нагрузке, сохраняют стойкие невротические расстройства [6].

У некоторых пациентов «кризис идентичности», вызванный болезнью, не преодолевается на этапе реабилитации и иногда усугубляется в амбулаторных условиях, что, несомненно, требует интенсивной психологической помощи и поддержки [7].

Разработанная программа психологического сопровождения постинсультного больного должна быть системной и комплексной, направленной на формирование адаптивных копинг-стратегий и социально-психологической адаптации в болезни, на преодоление

эмоционально-волевых нарушений, стрессовых факторов болезни, инвалидности и социальной депривации. Примененный личностно-ориентированный клинико-психологический подход к реабилитации при этом заболевании будет способствовать разработке адаптивных терапевтических стратегий преодоления болезни, поиску психологических ресурсов личности, что позволит улучшить качество жизни пациентов, перенесших инсульт [6; 7].

Методы исследования

I. Клинико-психологический метод – изучение клинических групп с использованием психологических методик.[8; 9].

1) психобиографический метод, наблюдение;

2) нейропсихологическое обследование - Монреальская шкала оценки когнитивных функций (MoCA, Dr. Nasreddine Z., 2003); краткие шкалы оценки когнитивных функций (MMSE, FAB, KNOX);

3) отношение к болезни - методика ТОБОЛ (Санкт-Петербургский научно-исследовательский психоневрологический институт имени М.М. Бехтерева). В.М. Бехтерева), направленный на диагностику типа отношения к болезни;

4) изучение поведения при болезни - опросник Coping Behaviour Questionnaire (Folkman and Lazarus, 1988);

5) исследование психопатологической симптоматики – Госпитальная шкала тревоги и депрессии (HADS, Zigmond A. S. and Snaith R. P., 1983).

II. Метод статистический – использование математических статистических методов (при сравнении групп, критерий Манна-Уитни для независимых выборок и критерий Вилкоксона T для зависимых выборок; коэффициент корреляции Спирмена использовался для корреляций; факторный анализ использовался для методов; регрессия анализ был использован для анализа влияния переменных). Для статистического анализа мы использовали программный пакет SPSS для Windows, стандартная версия 11.5, Copyright © SPSS Inc., 2014. [10]

Клиническая выборка исследования

Исследование проводилось на базе неврологического отделения для больных с нарушениями мозгового кровообращения Усть-Каменогорской городской больницы №1 на этапах стационарного лечения и через 3 месяцев после выписки. В исследование были включены 39 пациентов с подтвержденным диагнозом ишемический инсульт. Группа состоит из 20 мужчин и 19 женщин в возрасте от 47 до 59 лет. В исследование исключены: пациенты с

нарушением сознания; пациентам с тяжелой афазией; пациентам с тяжелой зрительной агнозией; пациентам с грубыми нарушениями модально-неспецифического внимания; пациенты с дефицитом программирования и контроля, а также со снижением критики своих нарушений; пациенты, набравшие менее 19 баллов по Монреальской шкале когнитивной оценки (MoCA). Подбирались пациенты без нарушений речи. Средний возраст пациентов составил 56,6 ± 7 лет [11].

Результаты

При анализе результатов исследования было установлено, что жалобы, высказывания, поведение пациента соответствуют четырем уровням психического отражения болезни, таким как: сенсорный – жалобы на боли в теле, спине, головной боли и др. (43 %); эмоциональные – жалобы на плохое настроение (52 %), страх (37 %), страх перед будущим (78 %), сожаление о кардинальном изменении образа жизни (64 %), чувство вины перед близкими (52%), интеллектуально-когнитивные нарушения разной степени тяжести, незнание инсульта и возможностей реабилитации (69 %), считают свою болезнь «наказанием» (58 %); мотивационные – нарушения мотивации, анозогнозия или гипозозногнозия (47 %), отказываются выполнять рекомендации врача, в том числе отказываются от реабилитационных мероприятий (63 %). [12]

На рисунке 1 показан тип отношения к болезни пациентов, перенесших ОНМК.




Рисунок 1 – Анализ типов отношения к болезни пациентов, перенесших ОНМК неврологического отделения

Как показано на рисунке 1, пациенты с ОНМК характеризуются: эргопатическим подходом к заболеванию, проявляющимся в

стремлении любой ценой сохранить профессиональный статус и способности продолжать активную работу такого же качества; также характерен для данных пациентов анозогностический тип отношения к болезни, характеризующийся активным отказом от мыслей о болезни (пациенты надеются, что «все наладится»), легкостью нарушения режима и врачебных рекомендаций. [11]

Наши пациенты также характеризуются повышенным уровнем тревожности и состоянием, соответствующим субдепрессивному уровню по «Госпитальной шкале тревожности и депрессии».

Пациенты с инсультом используют следующие стратегии выживания – копинг-стратегии: «Принятие ответственности», «Планирование решения проблемы», «Дистанция и самоконтроль» (рисунок 2). По результатам статистического анализа данных можно говорить о выявленных следующих моделях. Была обнаружена значимая обратная зависимость между количеством баллов МоСА и снижением критичности ($r_s = -0,452$ $p < 0,05$), что свидетельствует о том, что чем ниже балл МоСА, тем ниже критичность пациентов по отношению к своим недугам [12].

Согласно рисунку 2, выявлена достоверная прямая связь между типом тревожного отношения к заболеванию и стратегией совладания «Поиск социальной поддержки» ($r_s = 0,484$ при $p < 0,05$). В этом смысле можно предположить, что пациенты с тревожным отношением к болезни требуют большего внимания со стороны медицинского персонала и членов семьи, и, в этом случае, возможно формирование позиции зависимости и завышенных ожиданий по отношению к другим [13].



Рисунок 2 – Статистический анализ копинг-стратегии, применяемые пациентами с ОНМК неврологического отделения

Продолжая анализировать копинг-стратегии, в соответствии с рисунком 2, мы видим, что была выявлена значимая прямая связь между типом ипохондрического отношения к болезни и копинг-стратегии ($r_s = 0,49$ при $p < 0,05$). Это говорит о том, что больным инсультом с ипохондрическим отношением к заболеванию характерна недостаточная целенаправленность и рациональное обоснование поведения перед лицом проблемной ситуации, а с другой стороны – возможность активного противодействия трудностям и стрессовым воздействиям [13].

Психологическая коррекция включала устранение дефицита информации о развитии заболевания, возможностях реабилитации и компенсации дефекта и направлена на снижение уровня тревожности, формирование адаптационной мотивации и стратегий совладания, приверженность лечению.

Еще на этапе госпитализации (до 14 дней) мы отметили: снижение уровня тревожности по поводу перспектив; уменьшение общего количества жалоб на плохое самочувствие и боли в различных местах; желание узнать больше о возможностях восстановления утраченных функций – пациенты самостоятельно обучаются по рекомендациям специалистов в свободное время [14].

На основании полученных данных мы составили алгоритм психологического сопровождения. Имея низкий балл по шкале МоСА, мы проводили нейропсихологический диагноз и провели программу нейропсихологической реабилитации. Это, в свою очередь, увеличивало критичность собственных расстройств и способствовало формированию приверженности к лечению [14].

Мы используем методику постановки целей и задач в нейрореабилитации «на будущее». Первый случай способствует формированию удовлетворенности лечением и реабилитацией, обучением навыкам программирования и управления. Второй случай помогает пациенту понять причины, по которым они хотят активно участвовать в процессе реабилитации, принимая на себя ответственность за результаты лечения и удовлетворить потребности [3; 14].

Пациентам с тревожным отношением к заболеванию оказывалась психологическая помощь с целью устранения недостатка информации о развитии болезни, возможностях реабилитации и компенсации дефекта. Таким образом, мы избегаем феномена «чрезмерной опеки» у членов семьи, мы повышаем независимость пациентов.

Для пациентов, перенесших инсульт, существует постоянная вероятность рецидива инсульта, в том числе со смертельным исходом. Таким образом, применяемая нами методика декатастрофизации направлена на преодоление страха перед повторным инсультом и смертью, а также на снижение тревожности. С той же целью обучают навыкам релаксации. Мы также использовали когнитивную обработку травматических переживаний, чтобы устранить «конфликт» между новой информацией и старыми представлениями о болезни, поскольку эти когнитивные конфликты могут вызывать навязчивые мысли и избегающее поведение [14].

Психологическое сопровождение пациентов со стратегией копинга с болезнью «Противостояние в болезни» была направлена на обучение адаптивным навыкам совладания со стрессом, что, в первую очередь, должно снизить риск ипохондрического отношения к заболеванию и «ухода» пациента в болезнь.

Психологическое сопровождение пациентов с копинг-стратегии «самоконтроль» была направлена на минимизацию трудностей выражения чувств, потребностей и мотивов в связи с проблемной ситуацией и на нивелирование высшего контроля поведения. Для этого учитывалось преобладания рационального подхода и необходимость его сохранения в болезненной ситуации [15].

Сопровождение процесса реабилитации пациентов с ОНМК должно включать в себя работу со знаниями над эмоциональным состоянием и психосоциальными навыками (такие как тревога, настроение, самооценка, регуляция, мотивация, локус-контроль, стратегии преодоления, самооценка).

Программа личностно-ориентированной психологической коррекции с учетом факторов психологического сопровождения пациентов, перенесших ОНМК, дает необходимый дифференцированный и индивидуальный подход к работе с пациентами, в частности, зависящий от внутренней картины заболевания и доминирующей стратегии выживания.

Для лиц с тревожным типом отношения к болезни ведущими направлениями психологического сопровождения является устранение информационного дефицита, компенсация дефекта и обучение повышению самостоятельности в действиях.

Для лиц, находящихся в конфронтации с болезнью, в психологическом сопровождении, преобладает обучение адаптивным навыкам преодоления стресса. Повышение осведомленности о

нарушениях способствует приверженности к лечению и повышает эффективность нейропсихологической реабилитации.

Наше исследование подтверждает необходимость психологического сопровождения процесса реабилитации и целостного, а также индивидуального подхода к личности пациента, перенесшего инсульт.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Адильбеков Е.Б., Ахметжанова З.Б., Медуханова С.Г. «Динамика развития инсультной службы Республики Казахстан». Журнал «Нейрохирургия и неврология Казахстана» № 2 (спецвыпуск), 2018 г
- 2 Бурно М.Е., Иговская А.С. Психотерапия пациентов с расстройствами личности, характеризующимися преобладанием ипохондрии // Журнал невропатологии и психиатрии. 2008.108 (12): С. 27–31.
- 3 Григорьева В.Н., Тхостов А.Ш. Психологическая помощь в неврологии. – Н.Новгород: Издательство Нижегородской гос.мед. академии, 2009. – 205-230с.
- 4 Гусев Е. И., Скворцова В. И. Ишемия головного мозга. – М.: Медицина, 2001. – 326 с.
- 5 Ермакова Н.Г. Психологические особенности больных с последствиями инсульта в левом и правом полушариях головного мозга в процессе реабилитации // Вестник СПбГУ. – 2008. – Сер. 11. Вып. 3.
- 6 Кадыков А. С. Реабилитация после инсульта. - М.: Миклош, 2003. –176С.
- 7 Медведев В.Э. Профилактика и терапия психопатологических расстройств у пациентов с сердечно-сосудистыми заболеваниями// Журнал Неврология. Нейропсихиатрия. Психосоматика. – 2012. – №3. – С. 1.
8. Виленский Б.С. Инсульт – современное состояние проблемы // Неврологический журнал. – 2008. – № 2. – С. 4–10.
- 9 Григорьева В.Н., Тхостов А.Ш. Психологическая помощь в неврологии: монография. – Н. Новгород: Нижегород. гос. мед. академия, 2009. – 444 с.
10. Вознесенская, Т.Г. Депрессия при цереброваскулярных заболеваниях // Неврология, нейропсихиатрия, психосоматика. - 2009. -№2. - С. 9-12.

11 Ковшова О.С., Светкина А.А. Комплексная нейropsychологическая реабилитация больных с ОНМК. // Сб. выступлений V Международной конференции «Фундаментальные и прикладные аспекты восстановления сознания после травмы мозга: междисциплинарный подход. – Н. Новгород, 2016. – С. 45–47.

12 Мух Е.А. Прогнозирование инсульта и оценка эффективности профилактики цереброваскулярных заболеваний на основе комплексного анализа факторов риска: автореф. дис. ... канд. мед. наук. – Новосибирск, 2005. – 22 с.

13 Особенности динамики восстановления высших психических функций у пациентов, перенесших острое нарушение мозгового кровообращения / А.А. Светкина, О.С. Ковшова, И.А. Стрельникова [и др.] // Избранные вопросы нейрореабилитации: материалы VIII международного конгресса «Нейрореабилитация – 2016» (Москва, 8–10 июня 2016 г.) / ред.: Г.Е. Иванова [и др.]. – М., 2016. – С. 311–313.

14 Принципы ранней реабилитации больных с инсультом / В.И. Скворцова, Г.Е. Иванова, Квасова О.В. [и др.] // Журнал неврологии и психиатрии им. С.С. Корсакова. Инсулт. Приложение к журналу. – 2002. – Вып. 7. – С. 28–33.

15 Светкина А.А. Нейropsychологическая реабилитация больных с острыми нарушениями мозгового кровообращения // Аспирантский вестник Поволжья. – 2014. – № 3–4. – С. 170–171.

